

Х.Әлімжан атындағы №85 жалпы орта білім беретін мектебі

ҰБДҚ жүйесіндегі деректерді жаңарту туралы Анықтама

Қаралатын орны: Әдістемелік кеңес

Мерзімі: 28.08.2023ж.

Баяндаушы: С.Жанас

ҰБДҚ – бұл білім беру саласының алғашқы статистикалық деректерін жинау және өңдеу бойынша бизнес-процестерді автоматтандыруға арналған ЭОЖ (электрондық оқыту жүйесі) кіші жүйесі.

ҰБДҚ – да "білім беру ұйымы – білім бөлімі – білім басқармасы-ҚР БҒМ" тізбегі бойынша қолмен толтырылған және жиналған әкімшілік есептер үшін деректерді жинау автоматтандырылған.

3 сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі-ҰБДҚ 2) жаңа нұсқасын іске қосты <https://nobd.iac.kz/>, ол 24/7 онлайн режимінде жұмыс істейді.

Міндеттері:

- бастапқы дереккөздерден (білім беру ұйымдарынан) автоматты режимде ведомстволық статистиканы жинау;
- деректерді сақтау және өңдеу;
- әкімшілік есептілікті қалыптастыру;
- ҚР БҒМ құрылымдық бөлімшелерін жұмыс үшін қажетті статистикалық деректермен қамтамасыз ету.

ҰБДҚ:

- Білім алушыларды толық есепке алуды қамтамасыз етеді;
- Қайталануды болдырмау жолымен респонденттердің дұрыс емес ақпаратын анықтайды;
- Білім беру ұйымдарының паспорттарын толтыру рәсімін оңайлатады;
- Статистикалық деректердің тарихи қатарын қалыптастырады;
- Регламенттелмеген есептерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда "Ұлттық білім беру деректер қоры" (ҰБДҚ) ақпараттық жүйесінде білім берудің ведомстволық статистикасын жинау алғаш рет 2013 жылы жүзеге асырылды.

Осы кезеңде білім берудің ұлттық статистикалық көрсеткіштерінің халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мәселесі қарастырылуда. Статистика жинау сапасын жақсарту және жүйені дамыту үшін:

- бір әкімшінің ҰБДҚ сүйемелдеуі;
- нормативтік актілер мен нұсқаулықтарға өзгерістер енгізу;
- ҰБДҚ толтыру бойынша бастауыш ұйымдардың мамандарын оқыту;
- статистикалық ақпаратты жинау кезінде өңірлерге консультациялық қолдау көрсету;
- ҚР БҒМ Статистика комитетіне жіберу үшін әкімшілік деректердің есептерін дайындау.

Түпкілікті нәтиже:

- халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштерді жақсарту;
- өңірлердің, ҚР БҒМ ведомстволық бағынысты және құрылымдық бөлімшелерінің сұрауы - бойынша білім беру саласындағы сапалы ведомстволық статистиканы ұсыну;
- "Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің статистикасы" Ұлттық жинағын жариялау жолымен білім беру жүйесін дамыту туралы статистикалық деректерді жаппай тарату.